

"Жұк және жолаушы вагондарының және тартқыш жылжымалы құрамның қызмет мерзімдерін ұзарту қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 26 ақпандағы № 93 бүйрүғына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 13 қарашадағы № 774 бүйрүғы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2017 жылғы 28 қарашада № 16022 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРДАМЫН:**

1. "Жұк және жолаушы вагондарының және тартқыш жылжымалы құрамның қызмет мерзімдерін ұзарту қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 26 ақпандағы № 93 бүйрүғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6845 болып тіркелген, 2011 жылғы 11 мамырда № 190-193 (26595) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бүйрүқпен бекітілген Жұк және жолаушы вагондарының және тартқыш жылжымалы құрамның қызмет мерзімдерін ұзарту қағидасында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қафіда 2017 жылғы 2 тамызға дейін айналымға шығарылған Қазақстан Республикасында меншігінде жеке жылжымалы құрамы бар жеке және занды тұлғаларға, сондай-ақ осы Қағидада белгіленген талаптарға жауап беретін теміржол жылжымалы құрамын жөндеумен айналысатын ұйымдарға қолданылады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті аумақтық бөлімшесінің басшы Жұк вагондарының қызмет ету мерзімін ұзарту жөніндегі комиссияны (бұдан әрі - Комиссия) құрады және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті аумақтық бөлімшесінің лауазымды адам басқарады.";

7-қосымша осы бүйрүқтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрүқты Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрүқ мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрде көшірмелерін Қазақстан

Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі*

Ж. Қасымбек

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2017 жылғы 13 қарашадағы
№ 774 бұйрығына қосымша
"Жұқ және жолаушы
вагондарының және тартқыш
жылжымалы құрамның
қызмет мерзімдерін ұзарту
қағидасына 7-қосымша

КЖ, ТКК-8, ТК-8 немесе жаңғыртудан өткен тартқыш жылжымалы құрамға белгіленген жаңа қызмет мерзімінің нормативтері

№	ТЖК, ұлгісі мен сериясы	КЖ, ТК көрсетуден немесе жаңғыртудан өткен сәттен басталатын жаңа белгіленген қызмет ету мерзімі	Жөндеу немесе жаңғырту көлемі
---	-------------------------	--	-------------------------------

1. Магистральдық тепловоздар

1. Барлық түрлендірудегі ТЭ10	15	рельсмайлағыш етіп қайта жабдықтау
Барлық түрлендірудегі, сондай-ак жол машиналарымен және қар	15	КЖ орындалап, күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасына ауыстырып, дизель-генераторлық қондырғы мен қосымша жабдықтарды жаңасымен ауыстырып жаңғырту

2. тазалағыштармен жұмыс істеу үшін рельсмайлағыш етіп қайта жабдықталған ТЭП70, ТЭ10	7	күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасына аудыстырып КЖ
	6	күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасына ішінара аудыстырып ТҚҚ-8
	3	ТҚ-8

2. Маневрлік тепловоздар

1. Барлық түрлендірудегі ЧМЭ, ТЭМ, ТГМ	15	КЖ орындал, күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасына аудыстырып, дизель-генераторлық қондырғы мен қосымша жабдықтарды жаңасымен аудыстырып жаңғырту
	10	күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасына аудыстырып КЖ
	7	күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасына ішінара аудыстырып ТҚҚ-8
	3	ТҚ-8

3. Электровоздар

1. Барлық түрлендірудегі ВЛ, ОПЭ-1, КZ4	20	КЖ орындал, негізгі тораптарды, электр жабдықтарды және аппараттарды аудыстырып, электр схемасын және басқару жүйесін жаңғыртып жаңғырту
	15	рельсмайлағыш етіп қайта жабдықтау
	7	күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасына аудыстырып КЖ
	6	күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасына ішінара аудыстырып ТҚҚ-8
2. Барлық түрлендірудегі, сондай-ақ рельсмайлағыш етіп қайта жабдықталған ВЛ, ОПЭ-1, КZ4	3	ТҚ-8

4. Электр поездар

1. Барлық түрлендірудегі ЭР, ЭД	9	күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасымен аудыстырып КЖ
	7	күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасымен ішінара аудыстырып ТҚҚ-8

5. Дизель поездар

1. Барлық түрлендірудегі ДР	12	КЖ орындал, күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасымен аудыстырып, дизель-генераторлық қондырғы мен қосымша жабдықтарды жаңасымен аудыстырып жаңғырту
	9	күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасымен аудыстырып КЖ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК